**Автор**: Тургаева Боранкуль Аскаровна
**Предмет**: Қазақ тілі
**Класс**: 8-сынып
**Раздел**: Жаһандық энергетикалық дағдарыс
**Тема**: Наурыз – Ұлыстың ұлы күні

---

| | |
|---|---|
| Цели обучения (ссылка на учебную программу): | Тыңдалым. Айтылым |
| Цели урока: | Т.8.1.4.1-орта көлемді шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау.<br>А.8.2.1.1-тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып ауызша мәтін құрау; жазба жұмыстарында себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдер құрастыру. |
| Языковые цели: | Пән лексикасы және терминология: Наурыз, жыл басы, жаңа күн, араздық, кешіру, игі тілектер Сөз тіркестері: Әз-Наурыз, Ұлыстың ұлы күні |
| Ожидаемый результат: | Оқушылардың барлығы: үзінді тыңдап, тақырыбы мен идеясын анықтайды. Оқушылардың көпшілігі: мәтін мазмұны бойынша бір-біріне сұрақтар қояды, диалогке қатысады. Оқушылардың кейбірі: себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдер құрастырады. |
| Критерии успеха: | • Наурыз мейрамы туралы ақпаратты оқып, негізгі ойды анықтады; • ақпараттардың себебін дәлелдеді; • себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем дерді дұрыс қолданды. |
| Привитие ценностей: | Ұлттық салт-дәстүрге құрметпен қарауға баулу. |
| Навыки использования ИКТ: | Аудиомәтін, видеоролик |
| Межпредметная связь: | тарих, өнер |
| Предыдущие знания: | Табиғат – тал бесігім |

## Ход урока

| **Этапы урока** | **Запланированная деятельность на уроке** | **Ресурсы** |
|---|---|---|
| Начало урока (5-7 минут) | Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылар берілген логикалық сұрақтар бойынша сабақтың тақырыбын болжайды. Ой шақыру: - қай күні оқуға баруға болмайды? (демалыс күні) - суреттен не көріп тұрсыздар? (табиғат) - көктемнің алғашқы айы? (Наурыз) - ұлдарды құттықтамайтын қандай мереке? (8 наурыз) - тек қана жеті түрлі тағамнан жасалатын ұлттық тағам (наурыз көже) - Қыдыр Ата қай мерекеде келеді? (Наурыз мерекесінде) Қалай ойлайсыздар сонымен бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай? Неге? (өйткені наурыз туралы сұрақтар қойылды) Демек, сабағымыздың тақырыбы – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні. Оқу мақсатымен танысады. Наурыз мерекесі туралы білгендерін айту (ассоциация). | |

| Этапы урока | Запланированная деятельность на уроке | Ресурсы |
|---|---|---|
| Середина урока<br>(25 минут) | Тыңдалым. Айтылым. **Наурыз мерекесінің шығу тарихымен танысу. Берілген тапсырманы орындау.**<br>Парсы патшасы уәзірлеріне өзінің тағын ___________ жағына қоюды талап етті. Күннің көзі ___________ шағылысып жылу шашады. Содан бері ___________ тойлай бастады. Наурыз мерекесі ___________ мереке емес. Оны барлық халықтар тойлайды. Наурызда ___________ мән берген. Халыққа наурыздың келгенін ___________ хабардар еткен. Наурызда ___________ теңеледі. Керекті сөздер: *Күннің көзі, Наурыз мерекесін, түркі, қобызбен, тағымен, діни, тазалыққа.*<br>Тірек сөздер арқылы үзіндінің мазмұнын түсіну, идеясын анықтау. *«Жылу шашады, барлық халықтар тойлайды, тазалыққа мән берген»* деген сөз тіркестерін қалай түсінуге болады? Тапсырма Дескриптор Балл Шығармадан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын түсіну, талдау. Тірек сөздер арқылы үзіндіні түсінді. 1 Сұрақтар бойынша идеясын талдады. 1 Бірінші мақсатты орындадық. Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді өз беттерімен оқып шығып, таныс емес сөздерді анықтауу, баламасы арқылы синонимдерін табу, дәптерлеріне жазу. Ұлыс – халық Әз – таза, қадірлі мәз болмау – қуану араздық – ұрысып қалу шаттық – қуаныш үндестік – сәйкесік құшақ жаю – құшақтасу 2-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша жұппен «Мен саған, сен маған» сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру. Қандай? Қанша? Кімдер? Нені? Қалай? Дескриптор - тірек сөздерді қолданды-1б - сұрақ құрастырды, сұраққа жауап берді-2б Жазылым. «Фишбоун» әдісі арқылы мәтіннің мазмұнын түсіну. Берілген жай сөйлемдерді себеп-салдар салаласқа айналдыр. Керекті жалғаулық шылаулар: себебі, сондықтан, сол себепті. Тапсырма Дескриптор Балл Мәтінге талдау жасау Мәтін бойынша тақырыпты анықтады. 1 Тақырып бойынша себептерін жазды. 1 Себептерін дәлелдеді. 1 Қорытынды шығарды. 1 Жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырды. 1 | |
| Конец урока<br>(5 минут) | Қорытынды. Сұрақтарға жауап беру. • Наурыз деген сөз қандай мағынаны білдіреді? (жаңа күн) • Наурыз мерекесін не үшін тойлаймыз? (қыстан аман-есен шыққанымыз үшін, жаңа жылды қарсы алу үшін) • Бұл мерекеде адамдардың арасында араздық болса не істейді? (бір-бірін кешіреді, тілектер айтады) | |
| Рефлексия<br>(3 минут) | Постер арқылы жүргізіледі. • Біздің сабағымыздың мақсаты қандай еді? • Сенің ойыңша, сабағымыздың мақсатына жеттік пе? (қалай? Неге?) • Сен үшін қандай тапсырма оңай болды? • Сен үшін қандай тапсырма қиын болды? • Саған не түсініксіз болды? Не себепті? Үйге тапсырма: Бүгінгі ашық сабақ жайлы әңгімелеп досына хат жазу. | |
| Қысқа мерзімді жоспар | Наурыз - Ұлыстың Ұлы күні | |